

есте сақтау қабілеті мен есте сақтау қабілетін жақсы дамытады. Сабақтарда балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға басымдық беріледі.

Бірақ, Зайцев әдістемесінде балаларды жазуға дайындау үшін қажет қолдың ұсақ моторикасын үйретуге тиісті назар аудармайды. Жақсы оқитын балалар сабақтардың арасында өзін-өзі бағалау дамиды және олар бәрін біледі деген сезім пайда болады [5].

Қорытындылай келе, әрбір ата-ана баласының бақытты болғанын қалайтыны сөзсіз. Бірақ бақытты болу деген үйірмеден үйірмеге, курстар мен күнделікегі бағамен бағаланбауы қажет. Баланың зияткерлік дамуына басымдық бере отырып, жалпы даму ерекшеліктері ескерілмей қалмауы маңызды. Заман талабына сай сұранысқа ұсыныс дегендей «Балаңызды ерте жастан дамытамыз» деген орталықтар өте көп. Бірақ Біз ата-ана ретінде баланың жеке бас ерекшеліктеріне сай, бала дамуының балансын сақтайтын сенімді орта таңдай алуымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы (өзгеріс енгізілді – ҚР 26.06.2021 ) Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 326 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасында мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспары.

3. Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Заңында (01.01.2021 г.). <https://online.zakon.kz/> (қарастырылған күні 12.12.2021).

4. Ерте жастағы балалардың әлеуметтік дағдылары мен өзін-өзі үйрету дағдыларын қалыптастыру деңгейін анықтау бойынша педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар - Нұр - Сұлтан, 2019.- 39 б.

5. Early childhood development | UNICEF

## **БІЛІМ АЛУДА ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ**

Жусупбекова З.Д., Шардан А.Қ.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды

Қазіргі заман талабына сай білім беру-бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени дамуының жоғары деңгейлік және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз үрдісі екендігі белгілі.

Осы орайда балалардың танымдық қабілетін дамыту, білім сапасын арттырумен қатар ақыл-ой шығармашылық белсенділіктерін жетілдіру үшін, тиімді әдіс - тәсілдерін іздестіріп қолдандық.

Мектеп жасына дейінгі балалардың алғашқы математикалық түсініктерін қалыптастыру. «Балабақшада оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасы» бойынша жүргізіледі. Балабақшадағы бүлдіршіндерге таным іс-әрекеті сәбилердің екінші тобынан басталып, геометриялық қалыптар (пішіні, түсі, көлемі) ойын арқылы таныстырылса, естияр, ересек және мектепке даярлық топтарында осы қалыптардың құрылымын, санның белгілерін таныстырумен бірге санай білуге үйретіледі.

Логикалық ойлауды дамыту туралы сөз етпес бұрын логика туралы қысқаша айтып өту керек. Логика (грек тілінен алынған *logike*-сөз, ой, ойлау, ақыл-ой) – ойлаудың заңдылықтары мен түрлері туралы ғылым. Логикалық тұжырым теориясын ең алғаш грек философы Аристотель негізін қалаған. Ол-танымды ойлауды,оның құрылымы мен құрылысы және жүйесі тұрғысынан құрастыратын формальды логиканың негізін қалаушы.

Негізінде балаланың логикалық ойлау қабілеті дегеніміз- қарапайым математикалық алғашқы ұғымдарын меңгеруден басталады. Өйткені, бала сөйлей бастап өзінің мекен-жайын, телефон нөмерін жаттай бастайды.

Міне, сан, санау осыдан басталады. Оны жүйелі түрде дамыту ата-ана мен тәрбиешінің, баланы қоршаған адамдардың басты міндеті. Сезім тәрбиесі-түйсік пен қабылдаудың қатар дамуы. Сәбилік шақтың алғашқы күндерінен бастап ақ бала өзінің қоршаған заттардың қасиетін түсінуге талпыныс жасай бастайды. Осыдан баланың заттарды қабылдайтын көру дағдысы оянады. Бұл кезде затты танып білу үшін бүлдіршіндер оның түр түсіне мән бермейді. Заттың құрылымына (пішініне) көңіл бөледі. Бүлдіршіндердің логикалық ойлау ұғымдарын ойын арқылы үйретудің, ауызша есеп шығарудың көру арқылы салыстырудың, қиялдаудың, жұмбақтар жаттаудың маңызы өте зор. Өйткені, жасырын тұрған ойдың нені меңзеп тұрғанын ойлап табу үшін баланың ми қыртыстарының жұмысы шындалады. Яғни, логикалық ойлау сезімін қалыптастырады.

Атап айтсақ: «Танграм», «Жұмбақ есептер», «Мозайка», «Үстел үсті ойыншықтар», «Ойнап жүріп ойнасақ», «Не артық?», «Неге ұқсайды?», «Кімге не керек?» осы ойындарды оқу іс-әрекетінде жиі қолданамын. Осындай ойындардың арқасында балада құрастыруға үлгілер жасау қабілеттері, ойлау операциялары, барлық психикалық қызметтері дамиды, математикалық ұғымдары қалыптасады.

Баланың ақыл-ойының дамуы тек қана белгілі бір мөлшердегі білім алу ғана емес, сонымен қоса есте сақтау қабілетінің дамуы, көз алдында бейнені елестетіп, түрлендіре шығармашылыққа бейімдеп жан-жақты танымдылықтың арқасында ойлаған ойын тиімді және ыңғайлы істер шешу нәтижесінде пайдалана білудегі оңай жол болады. Ойынның тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, ұлы педагог А. С. Макеренко былай деп жазды: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады».

Ойын теориясына Н.К.Крупская елеулі үлес қосты. Балалар ойынның әлеуметтік сипатын, онда өмір құбылыстарының бейнеленетінін атап көрсете келіп, ол алдымен ойынды қоршаған болмыс жөніндегі әсер мен ұғымды кеңейтудің құралы деп білді. «Мектеп жасына дейінгі балалар үшін, -деп жазды ол, ойынның айрықша маңызы бар: ойын олар үшін-оқу, ойын олар үшін –еңбек, ойын олар үшін – тәрбиенің мықты формасы».

Балалардың танымдық есептерді ұғына білу қабілетін одан әрі дамытудың маңызы зор. Баланың білімін нақтылау және тереңдетумен қоса, оларды сандық түсініктерді қалыптастыру қажет, геометриялық пішіндерді атап, айыра білуі тиіс. Логикалық, дидактикалық ойындар ұйымдастыруды қажет етеді. Балаларды санауға үйрету үшін мынадай ойындарда ұсынуға болады; «Реттік сандарды ата», «қай сан қалып қойған», «әрі қарай сана» осындай ойындар балаларды санауға жаттықтырады, олардан сан белгілерін, сандар және шектес сандардың ара қатынасы туралы тиянақтайды. Қазақ халқының халық ауыз әдебиеті үлгілерін бұрынғы бабалардың көрген білген, көңілге тиген ғасырлар бойы уақыт елегінен өткізген ақыл-ойдың жиынтығын, балалар бойына дарыту арқылы олардың ой өрісін дамыту мақсатында қысқа сандардан бастап ұзын шумақты сандарды жаттап үйретуді, санамақтарды үнемі оқу іс әрекеттерінде пайдаланған жөн. Халқымыздың ауыз әдебиетінің, ертегілер мен аңыздарды балалар сүйіп, қызығып тыңдайды. Бесік жыры, хайуанаттар айтысы, ертегілер, жұмбақтар, өтірік өлеңдер балаларды қызықтырады. Балалар өлеңнен кейін құстардың аттарын біліп және дыбыстарын дұрыс айтуға икемделеді. Бүгінгі жас бүлдіршіндерді тәрбиелей отырып, олардың ойлау қабілетін дамыту, математикалық ұғымдарын толықтай қалыптастыру, өздерін қоршаған ортаны дәл, анық ажырата білуге үйретудің маңызы зор.

Сонымен қатар балалардың математикалық білімге деген қызығушылығы артады, берілген есепті шешуге өз күш (ерік), жігерін жұмсайды. Балада алғашқы түсініктер индуктивті және дедуктивті ойлау қалыптасады. Бала бір заттың құрылысына, қасиетіне

(пішініне, түсі т.б.) қарай талдау, сараптау, салыстыруға, кеңістікті бағдарлап, салыстырмалы түрде ойлай да алады.

Жаңа технологияны жүзеге асыруда тәрбиешінің белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамндығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз - балаға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Кез- келген бала тәрбиешінің басшылығымен орындаған шығармашылық жұмысының нәтижесінде өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Егер бала бойындағы қабілетті тәрбиеші байқамаса, ол бала басқа балалармен бірдей болып қалады, сондықтан қабілеттің дамуына түрткі бола білуі керек. Сабақты қызықты өткізу үшін, тәрбиешінің өзі даярлануы керек. Ал біздің ұсынған қосымша көмекші жұмыс дәптеріміз балалар мен қатар тәрбиешілерің өзіне де көмекші құрал бола алады деп есептейміз.

Сондай ақ зерттеу барысында түсінгеніміз математика сабағында баланың ой еңбегі мен қабілетін арттыру және дамытудың тиімді әдістерін қалыптастыра білу керек.

- берілетін тапсырманың орындалуын білу және оны ұғыну керек;
- есеп шығарудың әртүрлі жолдарын, тәсілдерін игеру керек;
- балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында ойын түрлерін пайдалану керек.

Осы айтылған әдіс- тәсілдердің бәрін жүзеге асыру оңай шаруа емес. Оған шығармашылық тұрғыдан ізденіс, шыдамдылық, жүйелі жұмыс жасай білу қажет.

Әр шаңырақтың үміті болып өсіп келе жатырған алдындағы әрбір шәкірттің бабын таба білу, жүрегіне ел, ұлт деген ұғымды ұялатып, жаң шырағын жаға білу. 3 жастан асқан, үйден келген балалар болғандықтан көпшілігі оң-сол, жоғары - төмен, алыс- жақын деген негізгі ұғымдарды меңгергенімен алыс- жақын, биік- аласа, көп -аз, үлкен- кіші ұғымдарын шатыстырып, 0- ден 5-ке дейінгі сандарды тура санағанымен кері санау және сандарды таңбасына қарай ажырату қиын болды. Ересек топқа келсек 0 – ден 10- ға дейін тағы да кері санауда қиынсынды, кейбір балалар ауызша есептер шығарғанда көп қиналады. Бұл балалардың тапсырмаларды қызыға, ынталана орындап, кез- келген қиыншылыққа төзуге, жеңуге болады деп ойлаймыз.

Осы тапсырмаларды өз бетімен орындау-шығармашылық жұмыс бастамасы Келесі 4 деңгейді орындайтын оқушылар бірте-бірте дараланып шыға бастайды. Ал, 4 деңгей тапсырмаларын үнемі жеке карточкалар арқылы беріп отырамын. Бүгінгі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектепке дейінгі мекемелерде оқыту мәселесін де заман талабына сай, уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа технологиялармен қамтамасыз ету қажеттігі туындап отыр, сондықтан әрбір педагогтың алдына оқытудың жаңа технологияларын оқыту үрдісіне енгізу мақсаты қойылады.

Бастауыш сыныптағы кезең бұл мезгілде балаларға берілетін білім ең алдымен тәрбие мазмұны әлеуметтік сұранысқа сай жүзеге асырылуы тиіс. Таным ең алдымен сезім арқылы қабылдауы, бала өз тәжірибесінен бақылап, көріп тануынан тұрады. Сезіну үдерісі кезінде бала бір нәрсені немесе заттың қасиетін, құрылымын таниды. Баланың логикалық ойлау түсігін ең алдымен оның сезінуімен байланысты. Баланың математикалық түсініктерді дұрыс меңгеруі, баланың дамуы жас ерекшеліктеріне байланысты, бала заттың санын, затты салыстыру (көлемін) теңістіру, орналасуын, саны мен сыңарын белгілеріне қарай табу тәсілдерін меңгереді.

Зерттеу жұмысымызда қолданылған дамыта оқыту технологиясы білім беру жүйесін қайта құру балабақшадан басталатыны белгілі. Ал, білім беруді жақсарту педагогқа байланысты екендігі сөзсіз. Соған орай білім берудің жаңа технологияларын мақсатқа сай қолдана білу қажет. Мысалы: ертегінің мазмұнын ашу барысында «Дамыта оқыту технологиясын» қолдансақ, онда Л.В.Занковтың дамыта оқыту жүйесінің негізгі мақсаты жеке адамның жоғарғы дәрежеде жан -жақты дамуы үшін негізін жасау. Дамыта оқытудың басты мақсаты- баланы оқыта отырып жан -жақты дамыту. Дамыта оқыту әдістемесіндегі ең басты нәрсе балаларды оқытуда шығармашылық әрекетін енгізу. Күнделікті сабаққа

эзірленгенде осы дамыта оқытудың әдіс- тәсілдерін пайдаландық. Балалардың сабаққа деген ынтасын, белсенділігін арттыруда сабақты түрлендіру, әр түрлі әдіс- тәсілдерді қолдана өткізудің де маңызы зор.

Қорытындылай келе, әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны белгілі бір бағытқа жетелеу, ұстаз парызы. Шығармашылық жаттығулар балалардан тек қана математикадан білім емес күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі жағдайға байланысты білімді талап ететін тапсырмалар. Балалардың байғақыштығын дамытуға негізделген логикалық ойлауды дамыта оқытуды негіздеу үшін логикалық ойлау ұғымын терең түсіну керек. «Ойлау-логиканың заңдылықтармен формаларына бағынады. Көптеген адамдар логикалық ойлайды, бірақ өздерінің ойлауы логика заңдылықтары мен формалары арқылы болып жатқанын білмейді». В.Кириллова бұл-өте қиын, аса жауапты, бірақ игілікті мол ардақты жұмыс деп атап өткеніндей, біз де осы жұмыс арқылы балаларда қандайда да бір көмек қолын ұсынғымыз келді.

Баланың логикалық танымдық қызметін арттырудың бір жолы берілген материалдың теориялық мәні мен өмірлік тәжірибеде қолданысын ашып беру болып табылады. Егер бала берілген материалдың өмірлік тәжірибеде кеңінен қолданып және әрбір іс-әрекетті өткен материалдармен байланысты екеніне көз жеткізсе білімге деген ынтасы да артады. Ал біз зерттеу жұмысысыздың барысында балалардың бойында осындай қасиеттердің ұшқынының пайда болғанын байқай алғанымызға қуаныштымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Пузанов Б.П., Селивёрстов В.И. и др. Коррекционная педагогика: основы обучения и воспитания детей с отклонениями в развитии. - М.: Академия, 1998.

### **КОРРЕКЦИОННАЯ РАБОТА ПО РАЗВИТИЮ РЕЧИ У ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С НАРУШЕНИЯМИ РЕЧИ ПОСРЕДСТВОМ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТЕАТРАЛИЗОВАННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

Заводянская Ю.В., Туганбекова К.М.

Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, Караганда

Проблема владения языком издавна привлекала внимание известных исследователей разных специальностей, и неоспоримым остается тот факт, что наша речь очень сложна и разнообразна, и что развивать ее необходимо с первых лет жизни.

Сегодня одной из актуальных задач педагогики является повышение эффективности процесса развития речи детей старшего дошкольного возраста. Хорошая речь - основное условие всестороннего полноценного развития детей. Чем богаче и правильнее речь ребенка, тем легче ему высказывать свои мысли, тем шире его возможности в познании окружающей действительности, содержательнее и полноценнее отношения со сверстниками и взрослыми, тем активнее осуществляется его психическое развитие. Поэтому так важно заботится о своевременном формировании речи детей, о ее чистоте и правильности, предупреждая и исправляя различные нарушения, которыми считаются любые отклонения от общепринятых норм языка.

Дошкольный возраст - это период активного усвоения ребенком разговорного языка, становления и развития всех сторон речи. В Концепции дошкольного воспитания указано: «Овладение родным языком, развитие речи является одним из самых важных приобретений ребенка в дошкольном детстве и рассматривается в современном дошкольном воспитании как общая основа воспитания и обучения детей».

На этапах раннего и дошкольного возраста решаются важнейшие задачи речевого развития: обогащение словаря, воспитание звуковой культуры речи, формирование грамматического строя, развитие связной речи [1].